

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ШЫМКЕНТ КАМПУСЫ
«Жоғары медициналық білімнен кейінгі білім беру» факультеті
Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің
№3 ХАТТАМАСЫ**

Шымкент қаласы

18.11.2022 ж

Қатысқандар: Комиссия төрағасы:

1. Э. Алиева – магистр-аға оқытушы

Комиссия мүшелері:

2. П. Калменова - м.ғ.к., доцент

3. Б. Сахова - магистр аға оқытушы

4. Т. Орманов - б.ғ.к., аға оқытушы

5. А. Дауреханов - м.ғ.д., доцент

6. А. Оспанова - м.ғ.к, аға оқытушы

7. Ж. Атжан - оқытушы

8. Т. Джавланов - оқытушы

9. Н. Шапамбаев - м.ғ.к., доцент

10. С. Жаханова - аға оқытушы

11. Г. Қалдыгозова - м.ғ.к, аға оқытушы

12. Л. Жолымбекова - ОҮҮБ басшысы

13. Б.Остемиров - 5В130100 - Жалпы 7 курс интерні

14. А. Алихан – R014 Радиология 1 курс резиденті

Шақырылғандар:

15. С. Туктибаева – PhD, факультет деканы

16. Ш. Абасова – Неврология , наркология, психиатрия кафедрасынның меңгерушісі

17. К. Кулаев - №2 ЖТД кафедрасынның меңгерушісі

18. Б. Аманбаева - Терапия кафедрасынның меңгерушісі

19. Л. Бегімбекова – Акушерия және гинекология кафедрасынның меңгерушісі

20. Қ. Газизова - Профилактикалық медицина және стоматология кафедрасынның меңгерушісі

21.С. Тоқбергенова – Педиатрия кафедрасынның меңгерушісі

22. Ұ.Муканова - Хирургия және анестезиология кафедрасының меңгерушісі

23. Г. Утепбергенова - Жұқпалы аурулар және фтизиатрия кафедрасының меңгерушісі

Қатыспағандар: жоқ

КҮН ТӘРТІБІ:

1. ББ пәндерінің оқу әдебиеттерімен дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз етілуін қадағалау;
2. ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг жасау;
3. Қашықтан оқыту технологиясын қолданып оқыту, сабақтар жүргізу, ағымдық, аралық бағалау процестерінің бекітілген талаптарға сәйкестігін бақылау
4. Қараша айында жүргізілген іс-шаралар нәтижелерін комиссия мәжілісінде талдау.

1. Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрағасы Э.Алиева сөз алып, күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіндегі 2 қосымша бойынша оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер және 8 қосымша бойынша цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттердің болуы туралы мәліметтерді қарастырды. Біліктілік талаптарына сәйкес мамандықтар бойынша әр пәннен оқытылатын тіліне сәйкес (соңғы 10 жылда шығарылған) кемінде 1 оқулық немесе оқу құрал, 1 оқу-әдістемелік құрал, 1 цифрлық тасымалдағышта әдебиеттің болуы шарт (2 қосымша). Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіндегі 2 және 8 қосымшаға енген әдебиеттер силлабуста көрсетілуі тиіс. Сонымен қатар бұл әдебиеттер міндетті түрде университет кітапханасының қорында болуы керек. Цифрлық тасымалдағыштардағы әдебиеттер www.library.ayu.edu.kz, <http://rmebrk.kz> электрондық ресурстардың базаларында анықталған болуы тиіс. Талдау нәтижесі бойынша медицина факультетінің білім беру бағдарламаларының пәндерінің оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыздандыру көрсеткіші жоғары дәрежеде (2, 8 қосымшалар).

Шешім: ББ пәндерінің оқу әдебиеттерімен дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз етілуі жоғары дәрежеде деп таңылсын.

2. Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша Терапия кафедрасының меңгерушісі м.ғ.к., Б. Аманбаева сөз алып, БББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру туралы баяндады. Ол өз сөзінде Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде оқытушылардың инновациялық іс-әрекетінің ғылымпедагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір студенттің қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені, мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа технологияны ендіруді міндеттейді. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі — оқытудың әдіс - тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы технологияларды меңгеру болып табылады. Қазіргі таңда профессор-оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып, сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуін айтты. Профессор- оқытушылар сабақ өткізу барысында инновациялық әдістерді: жобалау әдісі, пікірталас әдісі, топта жұмыс, case-study, компьютерлік технологияға негізделген әдістер, деңгейлеп оқыту әдістерін қолданады.

Шешім: ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендірілуі қанағаттанарлық деп таңылсын.

3. Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия мүшесі күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша Б. Сахова сөз алды: қашықтан оқыту технологиясын қолданып оқыту, сабақтар жүргізу, ағымдық, аралық бағалау процестерінің бекітілген талаптарға сәйкестігін бақылау бойынша төмендегі платформаларды қолдануға болатындығын айтты. Ақпараттық ресурстық орталығының қашықтықтан білімберу мүмкіндіктері бар дерекқорлары <http://lib.ayu.edu.kz/>

- Grebennikon электронды кітапханасын пайдалану үшін төмендегі берілген логин және құпия сөз арқылы барлық мақалалармен видеоматериалдарды тек ғана қарап оқып шығуға мүмкіндіктеріңіз бар <https://grebennikon.ru>
- Кіру үшін (логин) start108 (пароль) OFD
- РЖОЭК (Республикалық ЖОО аралық Электронды кітапхана) оқулықтарын “Вконтакте”, “Инстаграм” әлуметтік желілерінен <http://rmebrk.kz/social/login> сілтемесі арқылы алуға болады.
- Қазақстандық Ұлттық электронды кітапханасы: <http://kazneb.kz/>. Университет кітапханасының электронды ресурстары Университеттің электронды ресурстары <http://library.ayu.edu.kz/>
- Электронды каталог <http://irbis.ayu.edu.kz/>

2022-2023 оқу жылына контент жүктеу келесі бейнероликтер бойынша оқытушыларға семинар сабақтары өткізілді:

1. Жаңа тақырыптар қосып өндеу
2. Силлабус тақырыптарына сәйкес тақырыптарды өндеу
3. Дәрістерді жүктеу
4. Практикалық сабақтар материалдарын жүктеу
5. БЛОКНОТ тесттерді өндеу
6. Тесттерді импорт жасау үшін категориялар құру
7. Тесттерді импорту
8. Тесттерді құрастыру
9. БӨЖ тапсырмаларын салу

Қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, аралық (емтихан сессиясын) және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу ережесіне сәйкес жүргізіледі. Әр аптада Аккүн жүйесінде профессор-оқытушы құрамы жүктелген пәндерден лекция, практикалық, зертханалық жұмыстар бойынша студенттердің білімдерін бағалап отырады. Факультет бойынша білім беру бағдарламаларының анықталған емтихан түрлері дәстүрлі форматта болды. Кафедра отырысында емтихан материалдары (билеттер, тапсырмалар, кейстер) бекітіліп, ОПК ayu.edu.kz платформасында portal.ayu.edu.kz жүйесіне орналастырады. Бұл ретте кешенді емтихандар үшін университеттің тіркеуші офис емтихан материалдары (билеттер, тапсырмалар, кейстер) орналастырылатын жеке курс ашады. Басқа пәндер үшін емтихан материалдары (билеттер, тапсырмалар, кейстер) ОПК өз курстарында орналастырылады.

Ф-ОБ-001/065

Шешім: Сабақтар жүргізу, ағымдық, аралық бағалау процестерінің бекітілген талаптарға сәйкестігін бақылау қанағаттанарлық деп таңылсын.

ФСҚЕК төрағасы:



Э. Н. Алиева

Хатшы:



А.Б.Джаппаркулова